

**"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 612 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы**

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандығы № 922 Жарлығын іске асыру және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы бекітілсін.
2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің **Әкімшілігіне** жүктелсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Президенті*

*H. Назарбаев*

*Қазақстан*

*Республикасы*

*Президентінің*

*2011*

*жылғы*

*«\_ \_»*

*№*

*— — —*

*Жарлығымен*

*БЕКІТІЛГЕН*

*— — — — —*

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы Мазмұны**

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін дамытуды пайымдау
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың негізгі  
қағидаттары
3. Тұжырымдаманы іске асыру көзделетін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

## **1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін дамытуды пайымдау**

.... Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін ең  
қымбат қазынасы - адам және  
адамның өмірі, құқықтары мен  
бостандықтары.

Қазақстан Республикасы  
Конституциясының 1-бабы

### **Kіріспе**

Осы заманғы тиімді мемлекеттік қызметті және мемлекеттік басқару құрылымын құру ел Президентінің «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында (бұдан әрі – 2020 Стратегиялық жоспар) шешуші міндет ретінде айқындалған.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында:  
мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыруды  
қамтамасыз ету ;

мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібиілігін және тиімділігін арттыруды қамтамасыз  
е ту ;

мемлекеттік органдардың қызметін халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынуға  
бағдарлау ;

мемлекеттік аппарат қызметінің айқындылғы мен ашықтығын қамтамасыз ету  
қажет .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыру  
тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру Қазақстан  
Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру саласында қоғамның  
қажеттіліктерін, жеке және занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды  
мұдделерін қанағаттандыру деңгейін арттыруға бағытталған бірыңғай, сындарлы саясат  
жүргізу ді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдамада тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда жүргізілген

мемлекеттік басқару реформаларының қорытындылары талданады, ағымдағы ахуалды талдау нәтижесінде түйінді проблемалар айқындалды, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырудың негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі белгіленген.

## **Ағымдағы ахуалды талдау**

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда жүргізілген мемлекеттік басқару реформасын шартты түрде мынадай кезеңдерге болуге болады.

Бастапқы кезеңде 1991 жылдан бастап 1994 жылға дейін әкімшілік реформа күрделі жағдайда жүзеге асырылды. Ел экономикасы ауыр жағдайда болды және қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық қатынастармен қатар, тұтастай алғанда, мемлекеттің рөлін және ұзақ мерзімді перспективада даму үлгісін айқындау қажет болды. Қазақстан басқарудың командалық-әкімшілік жүйесінен бас тартты да, нарықтық қағидаттарға және мемлекеттік құрылыш пен басқару негізіне батыл түрде бағытталды.

1994 жылдан бастап 1997 жылға дейін экономикалық реформаларды жүргізу қарқынын жеделдетуге және даму бағытын нақты айқындауға көмектескен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық негізгі бағыттары бойынша заңнамалық актілер қабылданды. Ең алдымен, бұл заңдар экономиканы ырықтандыруға және монополиясыздандыруға, кәсіпкерліктің еркіндігі мен оны қолдауға, банк секторын реформалауға бағытталды.

Бұдан әрі 1997 жылдан бастап 2003 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда әкімшілік реформаны жүргізу басталды, бұған 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясы ықпалын тигізді. Негізгі функцияларға дейін шектелген тиімді мемлекет қалыптастыру елдің даму басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

2003 және 2006 жылдар кезеңі мемлекеттік басқару құрылымының, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктің аражігін ажырату реформаларымен белгілі

б о л д ы .

Экономиканы басқарудың бағдарламалық-мақсатты әдістерін енгізуі бастамалары көзделген. Қабылданған Бюджет кодексінің шенберінде басқарудың төмен деңгейлеріне берілген мемлекеттік функциялардың қаржылық қамтамасыз етілу мәселелері реттеді.

Мемлекеттік секторды реформалаудың ағымдағы кезеңі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 273 Жарлығының қабылдануымен 2007 жылы басталды.

Реформалардың осы кезеңінің негізгі міндеті мемлекеттік жоспарлау және бюджеттеудің жаңа моделін енгізу, сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін реттеу, мемлекеттік қызметті жаңғырту, әкімшілік реформамен байланыстыра отырып, «электрондық үкіметті» құру және дамыту есебінен мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың және бюджеттеудің жаңа жүйесін енгізу маңызды бағыттардың бірі болды.

«Шығындарды басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» кезең кезеңімен өту жұмысы 2008 жылы басталды. 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексі күшіне енгізілді. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау және бюджеттеу жүйесін енгізу үшін нормативтік құқықтық база құрылды, негіз қалаушы жүйелік және әдіснамалық құжаттар қабылданып, стратегиялық және бағдармалық құжаттардың жаңа иерархиясы енгізілді.

2010 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру басталды. Қазіргі уақытта ел дамуының стратегиялық мақсаттарының мониторингі және оларға қол жеткізуді бағалаудың кешенді жүйесі қалыптастырылуда.

Бағалауға жататын мемлекеттік органдардың негізгі қағидаттары, жұмыс бағыттары, бағалауды жүргізу тәртібі айқындалған «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы қабылданды.

Қызмет көрсету сапасын арттыру үшін заңнамалық негіз жасалды. Қызметтердің тізілімі мен осы тізілімге енгізілген қызмет көрсету стандарттары бекітілді, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету басталды. Жұртшылықпен кері байланыс орнату үшін көрсетілетін қызмет сапасын бағалау бойынша тұрғындар арасында әлеуметтік саулнама жүргізу басталды.

2008-2010 жылдарға арналған «электрондық үкіметті» дамыту бағдарламасы бекітілді. «Электрондық үкімет» шеңберінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде қазіргі уақытта :

1) электрондық қызметтердің дамуы транзакциялық кезеңді белсенді іске асыру кезеңінде тұр, ол азаматтарға мемлекеттен анықтамалар мен құжаттарды электрондық түрде алуға ғана емес, олар үшін төлемдер төлеуге де мүмкін береді;

2) «электрондық үкіметі» инфрақұрылымының негізгі компоненттері құрылған және енгізілген ;

3) әр түрлі мемлекеттік органдар көрсететін аса маңызды мемлекеттік қызметтердің кешенін азаматтар алатын Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық желілері жұмыс істейді (ХҚКО).

Әкімшілік кедергілерді азайту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік органдардың рұқсат беру жүйесі мен бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдады.

Мемлекеттік органдардың бақылау қызметтерін ретке келтіру үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде тексерудің кезеңділігін белгілеуге мүмкіндік беретін тетік заңды түрде енгізілді .

Дүниежүзілік экономикалық форумның және «Doing Business» Дүниежүзілік

банктің жаһандық бөсекеге қабілеттілік рейтингтерінде Қазақстанның позициясын жақсарту жұмысы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерінің өмірлік іс-әрекетінің әр түрлі кезеңдерде (ашу, тіркеу, қызмет жасау және тарату) әкімшілік ресімдерді жүргізу мерзімдерін оңайлатуға және қысқартуға бағытталған шаралар іске асырылды.

Бизнестің уақыт және басқа шығындарын қысқарту үшін заңнамада рұқсат беру ресімдердін оңайлату жөніндегі нормалар бекітілген:

1) лицензия алу кезінде мемлекеттік органдармен келісу ресімдерінің барлығына «бірыңғай терезе» қағадатын қолдану.

2) лицензиардың берілген құжаттар пакетінің тексеруді жүзеге асыру мен қандай да бір құжат жетіспеген жағдайда өтініш берушіге хабарлау міндеттемесін белгілеу. Бұдан әрі мемлекеттік орган бұл негіздеме бойынша лицензияны беруден бас тарту құқығына қарастырылады.

3) тапсырылатын құжаттардың міндетті түрде нотариалдық расталуын алып тастау. Өтініш берушіге нотариалды рассталған құжаттар көшірмесін не салыстыру үшін құжаттардың түп нұсқасын ұсынуды таңдау құқығы беріледі;

4) барлық рұқсат беру ресімдеріне «ұн демегі - кейіскені» қағидатын қолдану. Егер мемлекеттік орган белгіленген мерзімде дәлелді бас тарту немесе рұқсат беру құжатын бермеген жағдайда, онда мұндай құжат берілген (рісім макұлданы) болып есептеледі. Бұл ретте, өтініш берушіден өз қызметін бастау туралы хабарлама тапсыру талап етілемейді;

5) субъектінің санатына қарамастан, лицензиялар беру үшін бірыңғай мерзім – 15 жұмыс күнін қолдану. Белгілеу.

Аталған шаралар лицензиялық-рұқсаттамалық құжат айналымының жылына 881 мың бірлігіне қысқартылуына әкелетіні болжанады, ал кәсіпкерлердің уақыт пен қаржылық шығындарын үнемдеу бастапқы есеп бойынша 27 млрд. теңгені құрайды.

«Электрондық үкімет» бағдарламасын дамыту шенберінде ««Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесін құру жобасы басталды. Оның негізгі мақсаты лицензиялау мен берілген лицензиялар бойынша деректер базасын жүргізу аясында халыққа электрондық қызметтер көрсету болып табылады.

Квазимемлекеттік секторды басқару саласында мемлекеттік органдардың нақты құзыреті және жауапкершілігі, республикалық және коммуналдық мүлікті басқару деңгейлері анықталған, мемлекеттік кәсіпорындарды құру мақсаттары, қызмет салалары нақтыланған, кәсіпорындар басшыларының мемлекеттік мүлікті басқару нәтижелеріне жауапкершілігі күшейтілген, еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құру мүмкіндігі алды тасталды.

Мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысты – оларды мемлекет бақылайтын және бақыламайтын сыйыптамаға бөлу көзделген. Бұл мемлекет тарапынан оларды басқару ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару кодексі мен тәуелсіз директорлар институтын енгізуінің өсу үрдісі байқалады.

Білім беру және денсаулық сақтау мемлекеттік кәсіпорындарда – акционерлік қоғамдарда директорлар кеңесі үлгісінде бақылау кеңесі – басқарудың жаңа органын енгізу

көздөлген.

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес ұлттық басқарушы холднингтер, ұлттық холдингтер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар он жылға арналған даму стратегияларын және осы стратегияларды іске асыру үшін бес жылға арналған даму жоспарларын әзірлейді.

Жүргізілген реформаның қорытындыларын ескере отырып, Қазақстан Республикасында Мемлекет басшысы белгілеген мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыруту жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін негіз қаланғанын атап өту қажет.

Мемлекеттік аппарат құрылымының тиімділігін арттыру мақсатында заңнамалық түрде мемлекеттік функциялардың (стратегиялық, реттеуші, іске асыру, бақылау) жіктемесі енгізілді, ауқымды функционалдық талдау жүргізілді, оның негізінде экономиканың жекелеген салаларында мемлекеттік органдардың басқарудың тік және деңгейлес салалары бойынша функциялары мен жауапкершілігінің (министрліктер мен ведомстволар арасында, орталық пен өнірлер арасында) аражігі ажыратылды. Осыған байланысты орталық және өнірлік билік деңгейлерінде құрылымдық қайта құрулар жүргізілді және олардың штат саны оңтайландырылды. Өнірлердің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, жергілікті мемлекеттік басқару құрылымына икемділік берілді.

Жалпы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қантардағы № 273 Жарлығында көзделген барлық іс-шаралар орындалды, алайда халықаралық тәжірибе көрсеткеніндей, тұтынушыға және нәтижеге бағдарланған басқару жүйесін енгізу бір күндік

мәселе

емес.

Әкімшілік реформаның жекелеген бағыттары орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада одан әрі іске асыруды және дамытуды талап етеді, ал кейбір басым бағыттар бойынша бірқатар проблемаларды шешу қажет.

Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады.

1. Нәтижеге бағдарланған жоспарлау жүйесіне өту процесінің аяқтамауы.

1) экономикалық, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жүйесінің арасында өзара байланысы жеткіліксіз, нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді (бұдан әрі - НББ) енгізу процестері толық аяқталмаған;

2) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көзделген шаралар мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында сапалы көрсетілмеген;

3) стратегиялық жоспарлардың жекелеген бағыттарын әзірлеу бөлімдермен асыра («Ведомствоаралық өзара іс-қимыл», «Функционалдық мүмкіндіктері», «Тәуекелдерді басқару» бөлімдері) көбіне формальды сипатқа ие;

4) мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау институтының қалыптасуы  
а я қ т а л ғ а н ж о к ;

5) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ішкі қаржылық бақылаудың қолданыстағы жүйесі жол берілген бұзушылықтарды анықтау және жазалау орнына бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасын көздейтін халықаралық практиканың талаптарына толық сәйкес емес. Бюджет қаражатының пайдалануын тексерумен айналысатын мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері бүгінгі күні іс жүзінде кейінгі бақылауды жүргізеді, қаржылық және басқа бұзушылықтарды анықтаумен шектеледі, осындағы бұзушылықтарын алдын алу бойынша ұсыныстар б е р м е й д і .

Бұдан басқа, бүгінгі күні бақылаудың әртүрлі субъектілері бұзушылықтарды әртүрлі түсіндіреді, ал бақылау обьектілері оларды жазалау себептері және анықталған бұзушылықтар тарлы ақпараттандырылмайды.

7) қолданыстағы бюджеттік сыныптама НББ-тің талаптарына сәйкес емес.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының төмендігінің сақталуы.

Тұтынушыға бағдарлануды ескере отырып, бизнеске де, халыққа да қызмет көрсету саласында бірқатар проблемалар шешу керек:

1) мемлекет көрсететін қызметтер толық көлемде регламенттелмеген, көптеген мемлекеттік қызметтер бойынша стандарттар мен оларды оларды көрсету р е г л а м е н т т е р і ж о к ;

2) халықпен кері байланыс ж о к ;

3) мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған әрбір қызметкердің қызметін бағалаумен өзара байланысты көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау схемасы құрылмаған;

4) ішкі бақылау қызметінің болмауынан (дамымауынан) қызметтердің ішкі мониторингі, сапасын бақылау және бағалау жүйесі дамымаған;

5) мемлекеттік қызметшілердің бағдарлану (уәждеме) әлсіздігі және мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын қызметкерлерді арнайы даярлау жүйесінің болмауы;

6) мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің аз ғана бөлігі автоматтандырылған;

7) Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін және мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өзара іс-қимылдарын орталықтандырылған үйлестіруі ж о к ;

8) аутсорсинг әлсіз дамыған (мемлекет тарапынан жағдай жасалмау және ынталандырудың болмауы).

Сондай-ақ, белгілі бір мемлекеттік қызмет түрлерін толық ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі бар Халыққа қызмет көрсету орталықтарына ауыстыру, кадрлар құрамының біліктілік деңгейін арттыру, мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің бірыңғай құралын құру және жұмыс істеуі және мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету мәселелері шешілмеген қалпында қалуда.

Бұдан басқа, кешенді мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бүгінгі таңда зерделенбеген, яғни жекелеген және заңды тұлғалардың «өмір жағдайы» қафидаты бойынша жеке мемлекеттік органдардың біріккен бірнеше қызметтері, Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық түрде ( мысалы, туу, жоғары оқу орнына түсү, жұмысқа орналасу, бизнес ашу, қызмет түрін ауыстыру, бизнесі жағдай .

3. Лицензиялық рұқсат беру және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметі жүйесі

Жүргізілген реформаларға қарамастан рұқсат беру жүйесінде мынадай проблемалар :

1) экономикалық қызметтің шамадан тыс реттелуінің, мемлекеттік органдардың оларды ұлғайтуға тұрақты түрде ұмтылысы кезінде рұқсат берулердің елеулі санының сақталуы ;

2) мемлекеттік реттеу әдістерінің кәсіпкерлік қызметтің қауіпсіздік дәредесіне сәйкессіздігі ;

3) бизнеске қосымша әкімшілік тосқауыл жасайтын күрделі және ашық емес рұқсат беретін ресімдері .

Мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметі саласында мынадай проблемаларда бар :

1) мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларының бірталай саны және олардың өзара қайталануы арасында қосарланушылық;

2) тексерулердің жалпы тәртіптен шығарылған бақылау және қадағалау салаларының көп мөлшері ;

3) мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметінің тиімділігі анықталған бұзушылық санымен және жазалау пұлдар сомамен бағаланады.

Сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі екі сала үшін жалпы мәселе болып табылады .

Осының салдары ретінде, аталған мәселелердің бролуы кәсіпкерлік белсенділіктен көрінетін және көлеңкелі экономиканың өсуіне қасақана әдейі жол аштын бизнес жүргізу үшін жоғары операциялық шығындар мен кедершілеге алып келеді.

4. Мемлекеттік активтерді жеткілікті тиімді басқармау және квазимемлекеттік секторды оңтайландыру қажеттілігі

Квазимемлекеттік секторында мынадай проблемалар орын алған:

1) Бәсекелестік ортада кеңінен орын алған мемлекеттік кәсіпорындар, АҚ (ЖШС) салаларының басым болуы .

2) функциялардың қайталануы, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың арасында қайталануы ;

3) мемлекеттік меншікті пайдалануды жоспарлау және бағалау жүйесінің жетілдірілмеуі, мемлекет активтерін есепке алудың бірыңғай жүйесінің болмауы;

## 5. Мемлекеттік қызметінің кәсіби қажеттілігі.

Мемлекеттік қызметті реформалау қажеттілігі бірқатар проблемалардың болуына негізделген:

- 1) мемлекеттік қызметте адамның қоры басқарудың сапасы жетүспеушілік;
- 2) кадрларды іріктеу мен бағалау жүйесі тиімділігінің жеткіліксіздігіне;
- 3) қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесі қызметші жұмысының сапасымен және нәтижелерімен байланыстырылмаған;

4) мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейі экономиканың мемлекеттік емес және квазимемлекеттік секторлары қызметкерлерінің жалақысымен салыстырғанда бәсекелі емес. Қаржы, сақтандыру, ғылым және техникалық қызметте жұмыс істейтін жеке сектор қызметкерлерінің орташа айлық еңбекақысы мемлекеттік қызметші жалақысының деңгейінен екі еседен асады (тиісінше, 148144 (бір жүз қырық сегіз мың жүз қырық төрт) және 73503 (жетпіс үш мың бес жүз үш) теңгені құрайды).

5) мемлекеттік қызметшілерге сыйлық берудің, материалдық көмек көрсетудің және лауазымдық жалақыға үстемеақылар белгілеудің тәртібі қазіргі уақытта ынталандырудың нақты құралы болып табылмайды.

Мемлекеттік органдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру мәселесі көп жылдар бойы шешілмей түр.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген, атап айтқанда мемлекеттік қызметшілердің нәтижелер бойынша еңбекақы төлеу жүйесін енгізу мақсатында үшдеңгейлі еңбекақы төлеу жүйесін енгізу ұсынылған. Нәтижесінде, бұл жүйе ішінәра ғана енгізілді (А санатына ғана), бұл тұтастай алғанда мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің біртұтастырық қағидатына қайшы келеді.

Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін штаттан тыс қызметкерлер деп аталағын қызметкерлердің жұмысы реттелмеген болып табылады. Заңнама деңгейінде реттелмегендіктен, көрсетілген қызметкерлердің мәртебесі мен оларды жалдау тәртібі орталық атқарушы органдарда әртүрлі, ал саны және оларды ұстау шығыстары жыл сайын бақылаусыз түрде ұлғая түсude. Соңғы 2 жылдың ішінде ғана (2008 жылдан бастап 2010 жыл бойы) осы санаттағы қызметкерлердің саны 12 %-ға, ал оларды ұстауға арналған шығыстар 55 %-ға үлғайды.

6. Мемлекеттік аппарат құрылымын үнемі оңтайландыру және әкімшілік реформаны басқаруды жақсарту қажеттілігі.

Тиімді мемлекеттік аппарат құрылымын құру тұрақты үдеріс болып табылады және қазіргі уақытта мынадай мәселелермен бетпе-бет келіп отыр:

- 1) мемлекеттік басқару құрылымының стратегиялық міндеттерді орындаумен, өнірлердің және басым салалардың дамуымен тікелей байланысының болмауы;

2) мемлекеттік органдардағы әкімшілік және басқару үдерістерінің тиімсіз үйымдастырылуы, бұл қызметкерлердің шамадан тыс жұмысбастылығына, қағазбастылыққа, төрешілдікке, мемлекеттік қызмет сапасының төмендігіне, бизнеске әкімшілік кедергілердің және сыйбайлас жемқорлықтың туындауына әкеледі, бұл өз кезегінде жүртшылықтың мемлекеттік құрылымдарға теріс көзқарасын қалыптастырады.

3) мемлекеттік секторды реформалаудың әр түрлі аспектілерін іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар функцияларының бытыраңқылығы мен өкілеттіктерінің қайталануына байланысты реформалардың ағымдағы жай-күйін үйлестіру мен мониторинглеудің пәрменді жүйесі жоқ.

Мысалы, мемлекеттік қызметті жаңғырту түрғысынан көзделген еңбекақы төлеу жүйесінің реформасы әкімшілік реформа шеңберінде іске асырылатын нәтижелілікті бағалау институтымен ажырағысыз байланыста болады, ал «электрондық үкімет» әкімшілік реформаның шешуші құралы болып табылады. Бір реформаның қарқынының баяулығы, тиімділігінің төмендігі екіншісінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Реформалау үдерістерін үйлестіру жүйесінің реттелмегендігі жүйесіз құрылымдық өзгерістерге, қысқартуларға және көбінесе мемлекеттік аппарат санының жеткілікті түрде негізделмеген ұлғаюына алып келеді.

Мемлекеттік басқару құрылымындағы кейбір жүйелік қайта өзгертулер үйлестіруді және ведомствоаралық келісуді жақсарту үшін арнайы құрылған құрылым - Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның рұқсатынсыз жүргізіледі.

Пәрменді шаралар, айқын пайым және мемлекеттік сектор реформаларын басқару үдерістерін кешенді қамту қажет.

## **Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуудың мақсаты мен міндеттері**

Мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізгі мақсаты 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттары негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы моделін құру арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандығын барынша іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте, 2020 – Стратегиялық жоспарында көзделген мемлекеттік секторды реформалаудың негізгі бес бағыты шеңберінде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді дәйекті шешу көзделеді:

1) нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауды енгізу бойынша реформаларды тереңдектеу;

2) мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту;

3) лицензиялық – рұқсат беру жүйесін және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру;

- 4) мемлекеттік активтерді басқару тиімділін арттыру және квазимемлекеттік секторды оңтайландыру;
- 5) мемлекеттік қызметті көсіплендіру;
- 6) мемлекеттік аппараттың тиімді құрылымын қалыптастыру және әкімшілік реформаларды басқаруды жақсарту.

## **Тұжырымдаманы іске асыру кезеңі**

Тиімділігі жоғары мемлекеттік аппарат индустриялық-инновациялық экономикаға өту және тұастай Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының шешуші бағыттарын табысты іске асыру үшін негіз болу тиіс екендігін ескере отырып мемлекеттік сектордағы негізгі жүйелік қайта құрулар 2011-2015 жылдар ішінде жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі міндеттерді іске асыру м е р з і м д е р і м ы на д а й :

2012 жылдың сонына дейін - тиісті нормативтік құқықтық актілерді дайындау;

2015 жылға қарай – осы Тұжырымдамада көзделген мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу.

## **Күтілетін нәтижелер**

Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделі жасалатын болады.

1. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесіне өту қамтамасыз етіletіn болады , оның ішінде :

жоспарлау сапасы және әзірленетін саясатты іске асыру жақсарады;

нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді одан әрі енгізу қамтамасыз етіledі.

2. Қол жетімді және сапалы қызметтер көрсету қамтамасыз етіletіn болады, атап айтқанда :

мемлекеттік сектор мемлекеттік қызметтерді алушылардың қажеттілігін қанағатандыруға бағдарланатын болады;

мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдері, кедергілер және уақыты қысқартылатын болады .

3. Бизнес-климат жақсарады, рұқсат беру құжаттарының санын, мемлекеттік органдардың тексеру және бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту есебінен кәсіпкерлікке әкімшілік қысым азаятын болады.

4. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру және оның қызметінің ашықтығы мен тиімділігін, олар көрсететін қызметтің қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетін болады .

5. Кәсіби мемлекеттік қызмет қалыптастырылатын болады: мемлекеттік қызметте адами ресурстарды басқару сапасы жақсартылады;

мемлекеттік қызметшілер түпкі нәтижеге бағдарланатын болады;  
мемлекеттік қызметшілердің көсіби деңгейі артады;  
мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің  
қ ы з м е т і р е т т е л е д і .

6. Мемлекеттік секторды реформалаудың бірыңғай саясатын қалыптастыру мәселелерінде, реформаның қазіргі жай-күйін мониторингілеу және бағалау мәселелерінде үйлестірудің пәрменді жүйесі енгізілетін болады. Бұл ретте, шенберінде мемлекеттік басқару саласындағы реформалардың ағымдағы жай-күйі мен нәтижелері туралы ел басшылығына да, сондай-ақ қатардағы азаматтарға да тұрақты есеп берілетін мониторингілеудің толыққанды жаңа жүйесі жұмыс істейтін болады.

## **Мемлекеттік басқару жүйесін мен жаңғыртудың тиімді стратегиясын әзірлеудің халықаралық тәжірибесін шолу**

Іс жүзінде барлық мемлекеттердің үкіметтері құрылымы мен орындайтын функциялары бойынша оңтайлы, аса үлкен емес, сапалы шешім қабылдауға қабілетті мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруға ерекше назар аударады.

Әлемдік тәжірибелі талдау әлеуметтік байланыс жүйесінде және осы замандағы қоғамның технологиялық ұйымдастырылуы мемлекеттік сектордың реформаларын жүргізуінде негізгі себетері болып табылатының растап отыр.

Технологиялық және әлеуметтік өілгерілу бәрінен бұрын мемлекеттік басқару құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

құралдарының өзгеруімен байланысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін

Мемлекеттік басқару жаңа теориясы бойынша мемлекеттік қызметті реформалаудың мәні, бұрын мемлекет жүзеге асырған бірқатар функцияларды нарықтық құрылымдарға беру; коммерциялық қызметті мемлекеттік басқару саласына қолдануды болжайтын мемлекеттік басқарудың кең ауқымды маркетингеу болып табылады.

Осылайша, осы модель бойынша мемлекеттік басқару жүйесін өзгерту мыналарды көздөйді:

мемлекеттік аппараттың жұмыс қағидаттарына нарықтық санатты (пайда, шығын, бәсекелестік, шығындарды есептеу және т.б.) енгізу;

бұрын мемлекет атқарған функцияларды орындауға ынталы қоғамдық ұйымдарды тарту.

Бұл модельге сәйкес мемлекеттік басқаруды реформалаудың мақсаты тиімділікті, икемділікті

ашықтықты қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметті тұтынушы азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату болып табылды.

Жаңа мемлекеттік басқарудың негізгі идеясы мемлекетті азаматтарға қызмет көрсетуге бағдарланған ұйым ретінде көрсететін сервистік тәсілді енгізу болып табылады. Яғни стратегиялық функциялар мемлекеттік аппаратта қалады, ал бұрын мемлекет жүзеге асырған қызмет көрсетуге байланысты басқа функциялар коммерциялық құрылымдарға беріледі.

Жаңа мемлекеттік басқару теориясының практикада қолданылуының кемшіліктері болғанын атап көрсету көрек.

Халықаралық тәжірибелі талдау нәтижесінде жаңа мемлекеттік басқарудың 2 әлсіп тұсын бөліп көрсетуге болады:

- мемлекеттік қызметтің нарықтық емес табиғаты мен оны нарықтық негізде қайта ұйымдастыру арасындағы қарама-қайшылығы;

- заңдылықтың әлсіреуі және жалпы мемлекеттік қызмет беделінің түсіі, мемлекеттік сектордан білікті кадрлардың кетуі.

Соңғы уақытта жүргізілген зерттеулер мемлекеттік секторға қоғамдық сенім дәрежесі және оның нарықтық реформалау қағидаттарына бағытталуы Аргентина, Бразилия, Чили, Мексика, Бангладеш, Корея, Филиппины, Непал, Пәкістан, Үндістан, Шри Ланка сияқты елдерде өте төмен деңгейде екеніндігін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет пен бизнестің этикалық қағидаттарының бір-біріне жақындауы мемлекеттік қызметшілердің моральдық сапасы мен ынтасына жақсы әсер етпейді. Көптеген адамдарға тән бизнесте емес, мемлекеттік қызметте жұмыс істеу мақтанышы мемлекеттік мекемелердің этикасы коммерциялық қағидаттармен кіруіне байланысты жойылып кетеді, нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлер «халық қызметшісі» деген қоғамдық пайдаға бағдарланған емес, пайда табуға бағдарланған бизнесмендерді еске

## Түсіреді.

Расында, мемлекеттік қызметтің мемлекеттік қызметкерлердің этикасына кері әсері индустримальық Австралия, Канада, Жапония, Ұлыбритания, АҚШ сияқты дамыған елдерде байдалды.

Көптеген бұрынғы социалистік елдердегі сияқты мемлекеттік басқару қазақстандық моделі көбіне төмен тұрған ұйымдардың міндеттемелерді орындалап, жоғары тұрған ұйымдарға басқару үшін ақпарат беруге бағытталған модельдің қағидаттары бойынша тарихи түрде қалыптасқан. Осы күнге дейін Қазақстанда тұтынушыға байланыссыз мемлекеттік органда жұмыс істеудің өзіндік құндылығы басым түрде қарастырылатын, бұл мемлекеттік органдардың «мемлекеттік функцияларды іске асыру» сияқты мақсаттарының тұжырымдамасынан анық көрінеді.

Соңғы уақытта Қазақстан тұтынушыға бағдарланған (Америка Құрама Штаты, Ұлыбритания, Нидерланды, Канада, Үндістан, Австралия және т.б) жаңа мемлекеттік басқаруды енгізуге өтуде, ол бойынша мемлекеттік органдардың негізгі мақсаты – құқықтар мен мұдделерді қамтамасыз ету, сондай-ақ халыққа және нарық субъектілеріне жағдай жасау.

Тиісінше, негізгі трендті ұстану біздің еліміздің ұлттық экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып, сондай-ақ жаңа мемлекеттік басқару қағидаттарын енгізген елдердің проблемаларын ескере отырып қажет болады.

Қазақстанда мемлекеттік сектор қызметінің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бағытталуын сақтай отырып, мемлекеттік қызметті тікелей алушылар ретінде азаматтардың қажеттілігіне бағдарлануының негізі қағидатын енгізу ұсынылады.

Азаматтар мен бизнестің барынша жоғары қанағаттандыру кезінде мемлекеттің бәсеке қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік қызметтің патриоттық құрымдас бөлігін сақтау қажет.

## 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Мемлекеттік басқардың жаңа моделі мынадай қағидаттарға негізделетін болады: соңғы нәтижеге бағдарлау және мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру (аз ресурстар шығындармен берілген нәтижелерге қол жеткізу);

басқару жүйесінде (әкімшілік рәсімдер ұйымдастыру және басқарушылық шешімдер қабылдаған кезде) барынша ікемділікті пайдалану және жаңа, оның ішінде, түлкі коммуникациялық технологияларды енгізу;

қызметте жоғарылауды байланыстыру, мақсаттарға қол жеткізу және тиімділікті көтеру жөніндегі нәтижелер деңгейелі бірге ресурстар мен сыйақыларды бөлумен; мемлекеттік қупиялар туралы заңнама талаптарын ескере отырып қоғам мен

бұқаралық ақпарат құралдары үшін мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығы (айқындылғы).

## **Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауды енгізу бойынша реформаларды терендету**

Мемлекеттік басқару әдістерінің, тәсілдерінің және рәсімдерінің сапалы өзгеруіне нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау және келешекте бюджеттеу жүйелерін енгізу және дамыту ықпал ететін болады.

Алға қойылған мақсаттарды сәтті іске асырудың негізгі факторы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеудің, мониторингілеу мен іске асыруды бағалаудың барабар нормативтік құқықтық негізі болып табылады.

Осыған байланысты, басталған өзгерістерді іске асыру және әдіснамалық тәсілдерді жетілдіру бойынша жұмыстар мынадай бағыттар бойынша жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының мақсаттарына, міндеттері мен индикаторларына талдау жүргізетін болады және мемлекеттік органдарға бекітін беру нақты нысаналы индикаторлар мен міндеттер көрсеткіштерін анықтау және оларды жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

Жекелеген мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларды әзірлеуінің орындылығы қаралатын болады.

Стратегиялық құжаттардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының құрылымы мен баяндалу тәсілдері жетілдіріледі. Стратегиялық жоспарлар сыртқы пайдаланушыларға түсінікті форматта әзірленеді, шынайы және қолдануға ыңғайлыш болады.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың нақты өзара байланысын орнату, нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді енгізу үшін макроэкономикалық көрсеткіштері, бюджеттік параметрлері, ағымдағы шығыстары мен даму шығыстарының басым бағыттары бар салалар мен сфералар бойынша экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын байланыстыру қамтамасыз етілетін, уәкілетті органдардың мемлекеттік жоспарлау және жоспарлау, бюджетті орындау бойынша өзара іс қимылы қүштейтілетін болады.

Осыған байланысты бюджетті қалыптастыру әдіснамасы өзгеріледі.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларын айқындау мақсатында Бірыңғай бюджеттік сыныптама жетілдірілетін болады.

Бюджеттік өтінімнің форматы оның мазмұны өтінім жасалатын шығыстардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне нақты түсінік беретіндегі түрде қайта қарастырылатын болады.

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру мақсатында оларды қаржыландырудың

оңтайлы нұсқаларын, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін пайдалану есебінен жобаларға алдын ала кезеңде салыстырмалы талдау және бағалау жүргізу негізінде бюджеттік инвестицияларды жоспарлау тәсілдері жетілдірілетін б о л а д ы .

Бұл қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттің қаржылық та, сондай-ақ еңбек және уақыт ресурстарын да тиімді пайдалануға мұмкіндік береді.

Бюджетаралық қатынастар жүйесін одан әрі жетілдіру көзделіп отыр. Бюджеттік есепке алу мен қаржылық есептілікті одан әрі реформалау мақсатында:

- 2013 жылдан бастап барлық мемлекеттік мекемелерде МСФООС сәйкес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесі енгізілетін болады;

- бюджеттің атқарылуы есебінің кассалық әдісінен ақы төлеу уақытына қоланастан жасалу фактілері бойынша операциялардың нәтижелерін тану қағидатына негізделген есептеуді есепке алу әдісіне көшken елдердің тәжіриbesі зерделенетін болады;

- нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы бюджеттік есепке алу жүйесінде есептеу әдісін енгізу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Тиісінше нәтижеге бағдарланған бюджетті бағалаудың қажетті және жеткілікті тетіктері мен құралдарын жасау мақсатында бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілікті, мониторинг пен бақылау жүйесін жетілдіру қажет болады.

Ішкі бақылау органдарының жұмысында тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің көмегімен бақылау іс-шараларын жоспарлау жүйесі енгізілетін болады.

Жергілікті бюджеттердің атқылуын бақылау күштейтілетін болады.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру шеңберінде қызметкерлерді нәтижелер бойынша басқарудың жаңа тәсілдері мен әдістеріне оқыту, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлаудың белгіленген рәсімдерін қолдану қабілеттерін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Нәтижеге бағдарланған басқару жүйесін енгізу шеңберінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың елдің жалпы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі өзара іс-қимылын жетілдірудің маңызы кем емес.

2011 жылдың сонына дейін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесінің әдіснамалық базасын пысықтау аяқталатын болады.

2011 жылдан бастап 26 орталық және барлық жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бағалау жүргізіледі. Мемлекеттік органдар қызметін бағалау нәтижелерін есепке ала отырып, мемлекеттік органдар өз қызметінің тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдайтын болады.

Экономика салаларының дамуына әсер ететін факторларға терең талдау жүргізу үшін тұрақты негізде экономика салаларына талдау мен зерделеу жүргізуде ғылыми зерттеулердің негізінде экономика салаларының дамуына әсер ететін нақты

факторларды (іс-шараларды), сондай-ақ олардың әсер ету деңгейлерін (ұлестерін) айқындауда мемлекеттік органдарға ведомствоның бағынысты ғылыми және зерттеу ұйымдарын тарту мен бағдарлауды және модельдеу негізінде осы факторларды реттеу жүйесін енгізу дік қамтамасызын ету қажет.

Тұжырымдамада көзделген әкімшілік реформаның өзара байланысты шаралар кешенін сәтті іске асыру нәтижеге бағдарланған басқару жүйесіне толық өтуді қамтамасызын етуге мүмкіндік береді.

Тұастай алғанда, нәтижеге бағдарланған басқару тәсілдері және барлық мемлекеттік секторды қамтуы және бюджет саласының барлық ұйымдарында бірдей енгізу тиіс.

## **Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру**

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында мыналарға бағытталған шаралар кешені қабылданатын болады:

мемлекеттік қызметтің толық тізбесін қалыптастыру;

мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және жетілдіру арқылы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, әкімшілік үдерістер мен рәсімдерді жаңғыру;

азаматтар мен бизнестің электронды үкімет қызметіне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді жобалау және жетілдіру, үдерістерін реттеуге және жүйелеуге бағытталған іс-шаралар кешені ретінде жаңа «электронды үкіметтің» архитектурасын дамыту;

мемлекеттік қызметтерді тұтынушыларды электронды түрде алу мүмкіндіктерін көңейтү;

Халықта қызмет көрсету орталықтарының жұмыстарын жаңғыру; көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалаудың тиімді жүйесін енгізу;

қызметтер көрсетуге тартылған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін және клиенттік бағдарының деңгейін арттыру.

Мемлекеттік қызметтердің толық тізбесін қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар функцияларын түгендеу және талдау жүзеге асырылатын болады.

Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізілімінде ескерілмеген негізінен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызметтерді анықтау үшін мемлекеттік қызметтерді түгендеу заңнамалық актілердің тұрақты мониторингі арқылы жүргізілетін болады.

Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы процестің формалдылығына және қолданыстағы бизнес-процесстердің реинжирингсіз автоматтандырылуына жол бермей оларды көрсету стандарттары жөніндегі жұмысқа

көшүін

жалғастыру

қажет.

Мемлекеттік органдар мен мекемелердегі Бизнес-ұдерісті жақсарту үшін олар ақпараттық технологияларды кеңінен пайдаланатын болады, бұл мемлекеттік органдар басшыларының шешімдер қабылдаудағы субъективизмін болдырмауға, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындалығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, шешімдер қабылдау және мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілік көрсеткіштерінің мәнін түзету кезінде алынған ақпаратты пайдалану үшін мемлекеттік қызметті тұтынушылармен кері байланыс жүйесін құру жұмысы жалғасатын болады.

«Электронды үкіметті» дамыту жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі іс-шаралармен үйлестіру және келісу электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтің санын ұлағайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оларды көрсету мерзімдерін қысқартуға, қажетті құжаттардың тізбесін жеңілдетуге ықпал етеді.

Осымен бір мезгілде ақпараттық жүйелерді біріктіру және жетілдіру ұдерістерінің жүйелілік үйлестірілуі қамтамасыз етіледі және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру деңгейі мен ақпараттық жүйелерді енгізу нәтижесіндегі қызметтер сапасын айқындауға мүмкіндік беретін енгізілетін ақпараттық жүйелерді бағалаудың пәрменді тетігі енгізілетін болады. Бұл тетік «электронды үкіметті» енгізу жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі іс-шаралармен үйлестіруге және келісуге мүмкіндік береді.

Осы кезеңде негізгі міндет қажетті ақпаратты берумен байланысты азаматтар мен бизнеске әкімшілік жүктемені азайту, азаматтардың мемлекеттік билік органдарына өтініштерінің санын төмендету және «бір терезе» қағидатын негізге ала отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қималының жеделдігін арттыру есебінен күту уақытын қысқарту болады, бұл қысқарту өзара іс-қималының жеделдігін арттыруға және әлеуметтік ширігуды төмендетуге мүмкіндік береді.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жетілдіру бойынша кешенді шараларды әзірлеу және іске асыру, біріншіден, тұтынушылардың пікірі мен мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады, бұл халықтың қанағаттанушылығын арттыруға және әлеуметтік ширігуды төмендетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, негізгі күш мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық нысанын қолдану, құжаттардың саны мен мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік органдарға жеке барудың сапардың санын қысқарту есебінен халықтың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы деңгейін арттыруға баянталады.

Тұтастай көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалаудың тиімді жүйесін құруды екі бағытта жүзеге асыру қажет. Біріншіден, қызметтер көрсетуге

қатысатын әрбір қызметкердің жұмысын бағалаумен байланысты мемлекеттік орган көрсететін қызметтің сапасын бағалаудың пәрменді тетіктерін әзірлеу. Екіншіден, қызметтер көрсетуге жауапты әрбір мемлекеттік органда ішкі бақылау қызметін құру және дамытуды қамтамасыз ету.

Қызметшілер жұмысының бағдарын тұтынушылардың мұқтажына қарай қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге жауапты қызметкерлерді арнайы даярлау, қайта даярлау жүйесі енгізілетін болады.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер сапасын тұрақты арттыруға уәждеуді және ынталандыруды қамтамасыз ету үшін қызметтер көрсетудегі үздік жетістіктері үшін арнайы жалпылттық «Сапа белгісі» сыйлығын тағайындау мүмкіндігі қарастырылады, ол конкурстық негізде беріletіn болады.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды нормативтік қамтамасыз ету үшін «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, мемлекеттік органдардың регламенттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Тұластай алғанда, аталған шараларды іске асыру:

мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, оларды азаматтар мен ұйымдар үшін қол жетімді етуге ;

атқарушы билік органдарының қызметін тұтынушылар мұддесіне бағыттауға;

атқарушы билік органдарындағы әкімшілік-басқару үдерістерінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ;

қандай да бір қызмет көрсетуге арналған бюджет шығыстарын онтайландыруға;

қызмет көрсету сапасына халық пен бизнес-құрылымдардың қанағаттанын арттыруға ;

сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

## **Лицензиялық-рұқсат беру жүйесін және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру**

Алдағы кезеңде лицензиялық-рұқсат беру жүйесін жетілдіру жұмысы жағалғастырылады .

Рұқсат беру жүйесін реформалау бойынша алдғы жұмысты бірнеше кезеңдермен жүзеге асыру болжанып отыр .

Бірінші кезең. Лицензиялар мен рұқсаттарды 30%-ға қысқарту. Жекелеген рұқсат түрлерін хабарламалық тәртіпке көшіру.

Жоғары қатерлерден қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келмейтін, сондай-ақ қайталанытын рұқсаттар алынып тасталатын болады, жекелеген рұқсат беру функцияларын өзін-өзі реттейтін ұйымдар мен қоғамдық (жеке) институттарға беру мәселесі пысықталады .

Рұқсат беру құжаттарын беру жөніндегі бизнес-процестерді оңтайландыру үшін анықтамаларды тапсыру, келістіру жойылатын болады, оны мемлекеттік органдар мемлекеттік ақпараттық жүйелер (деректер базасы), оның ішінде «электрондық үкімет» арқылы д е р б е с а л а д ы .

Бірінші кезеңнің қорытындылары бойынша «Кейбір заңнамалық актілерге әкімшілік кедергілерді төмендегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленетін болады.

Екінші кезең. Қауіпсіздік деңгейі бойынша санаттарға бөле отырып бірыңғай заңда рұқсаттардың түпкілікті тізбесін анықтау.

Бірінші санатқа лицензия алғаннан кейін ғана жүзеге асыру мүмкін болатын қауіпсіздік дәрежесі жоғары қызмет түрлері кіреді. Мысалы, бұл атом энергетикасы, есірткі айналымы, қару саласындағы қызмет.

Екіншісіне лицензиялауға қарағанда жеңілірек реттеуіштер арқылы реттелетін қауіпсіздік дәрежесі орташа қызмет түрлері кіреді: рұқсаттар, аккредиттеу, аттестаттау, сертификаттау және басқалары. Бұл санат үшін «ұн демегі – келіскені» қағидаты қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Қызметтің басталғаны туралы хабарландырудан кейін жүзеге асыруға болатын қауіпсіздік дәрежесі елеусіз қызмет түрлері үшінші санатқа кіреді.

Тиісінше, рұқсаттар беру шарттары мен тәртібі сарапандырылады, атап айтқанда, талаптар, құжаттар тізбесі, беру мерзімі, бас тарту негізі, бизнес-үдерісті а в т о м а т т а н д ы р у д еңгейі ;

Үшінші кезең. Барлық рұқсаттар беруді электронды форматқа, ал барынша кең тараған түрін - ХҚКО арқылы көрсетуге толығынан көшу.

2012-2014 жылдары «Е-лицензиялау» функционалы кеңейтіліп, басқа да рұқсаттарға қолданылатын болады. Сонымен қатар «Е-терезе» әзірленеді және енгізіледі, ол да «Е-лицензиялаумен» біріктірілетін болады.

Кейінгі жылдары барлық рұқсат беру рәсімдері электронды форматқа ауыстырылады .

Мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында кәсіпкерлерді тексеруді оңтайландыру, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын қысқартуды жүзеге асыру көзделуде. Осымен қатар, бизнес пен мемлекеттің кері байланыс жүйесі құрылатын болады.

Осы жұмыстың нәтижелері «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қантардағы Заңына өзгерістерді әзірлеу к е з і н д е е с к е р і л е д і .

Заң жобасын дайындаумен қатар жекелеген салаларда мемлекеттік бақылауды мынадай тетіктермен ауыстыру мәселесін пысықтауды бастау ұсынылады:

кәсіпкерлік субъектілерінің тұтынушылар мен мемлекет алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;

кәсіпкерлердің тұтыншылар мен мемлекет алдындағы мүмкін міндеттемелерін орындауға кепілдік беруі қамтамасыз етілетін дербес қаржы кепілдіктері;

әрбірін мемлекеттік бақылаудан өзін-өзі реттейтін үйымдарды бақылауға көшіру мүмкін болатын салалардағы бизнестің өзін-өзі реттеуі.

Жүргізілген реформалардың қорытындысы нарықта шығу үшін артық әкімшілік кедергілерді алып тастайтын және қызметті жүзеге асыру процесінде бақылаушы органдардың қысымын барынша азайтатын бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылның оңтайлы моделін құру болуы тиіс.

## **Мемлекеттік активтерді басқару тиімділін жоға арттыру және квазимемлекеттік секторды оңтайландыру**

Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру шеңберінде қызмет түрлері бәсекелестік ортаға берілуі тиіс мемлекеттік кәсіпорындарды анықтау жұмысы жалғасатын болады.

Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар өз активтерін оңтайландыру жұмысын жалғастыратын болады. Халықтық IPO ұлттық компаниялардың, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің құрамына енетін компаниялардың, олардың еншілес және тәуелді үйымдарының акциялары қазақстандық және халықаралық бағалы қағаздар нарығында орналастырылатын болады, бұл компанияларды басқарудың ашықтығын, компаниялардың инвестициялық бағдарламаларын іске асыруға қосымша қаражат тартуды және бджеттік инвестицияларға тәуелділікті азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Квазимемлекеттік сектор компанияларының портфелін қайта құрылымдаудың мақсаты компанияларды бейінді қызмет түрлеріне шоғырландыру, тиімділікті арттыру және капиталды пайдалану ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компаниялар акцияларының пакеттерін халықтық IPO-ға шығару мақсатында кейбір заңнамалық актілерге ұлттық компаниялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы әзірленетін болады.

Экономиканың квазимемлекеттік секторында корпоративтік басқару қағидат енгізу жалғасатын болады. Мемлекеттің бақылаудың акционерлік қоғамдарды корпоративтік басқаруға бағалау жүргізіледі.

Осылайша, квазимемлекеттік секторды дамытудың мемлекеттік саясаты бәсекелестікті дамытуға бағытталады, бұл ұсынылатын қызметтер сапасын жақсартуға; инвестицияларды ішкі және сол сияқты сыртқы капитал нарықтарына тарту мүмкіндігін беруге; оларды басқару үшін кәсіби менеджерлерді тарту есебінен мемлекеттік үйымдардың қаржы-шаруашылық жай-күйіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік активтердің ашықтығын, тиімді басқарулын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мүлікті басқаруды жоспарлау, мониторингтеу, тиімділігін бағалау және бақылау жүйесі жетілдіріletін болады. Осы жүйе Қазақстан

Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес мемлекеттік активтерді есепке алудың бірыңгай базасы және мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттің қатысатын, акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қызметін жоспарлаудың бірыңгай тәсілдері негізінде құрылатын болады. Барлық жүйенің негізі – кез келген мемлекеттік мүліктің болуы мен жағдайы туралы ақпараттың қамтитын Мемлекеттік мүліктің тізілімі болып табылады.

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен жоспарларын әзірлеу тәртібі нақтыланады және мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеудің бірыңгай тәртібі, сондай-ақ оларды әзірлеудің әдістемелік ұсынымдары қабылданатын болады.

Жыл сайын есептіліктің бекітілген нысандары негізінде мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму стратегиялары мен жоспарларын орындау мониторингі жүргізілетін болады және даму жоспарларын орындау туралы есептер негізінде мемлекеттік мүлікті, соның ішінде коммуналдық мүлікті басқарудың тиімділігіне бағалау мен талдау жүргізілетін болады.

Жыл сайын мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің қорытындысы бойынша мемлекеттік мүліктің мақсатсыз пайдаланылғанын анықтауды және даму жоспарларын және есептілікті әзірлеудің дұрыстығын қамтамасыз ететін мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігіне бақылау жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік мүлік тізілімі екі жыл ішінде қалыптастырылатын болады. Мемлекеттік активтердің жағдайы туралы толық көрініс алу үшін мемлекеттік сектордағы есепке алу пен есептіліктің барлық жүйелеріне реформалар жүргізу, қолданыстағы бухгалтерлік есепті қоғамдық секторға арналған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (КСҚЕХС) өтуді қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік мүлік тізілімін екі жыл ішінде қалыптастыру және мемлекеттік сектордың бірыңгай қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына осы кезеңнің ішінде толық өтүіне қарай мемлекеттік активтер мен пассивтер балансы қалыптасуы мүмкін.

## **Мемлекеттік қызметті кәсібілендіру және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің жұмысын реттеу**

Мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге бағдарлай мемлекеттік қызмет жүйесін одан  
әрі кәсібилендіру қажет.

Басқаша сөзбен айтқанда, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі мемлекеттік қызметтердің тұтынушысы ретінде халыққа бағдарлауын болжайды.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыру мемлекеттік қызметте адами

капиталды басқарудың қолданыстағы тетіктерін жаңғырту және жаңаларын құруға  
бағытталатын б о л а д ы .

Мемлекеттік қызметке орналасу тәртібін және мемлекеттік қызметшілерді оқыту  
жүйесін жетілдіру кадрлардың сапала жаңа деңгейге үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз  
етуғе м ү м к і н д і к б е р е д і .

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасын бағалау мемлекеттік  
қызмет персоналын басқарудың пәрменді құралы болады және жұмыс нәтижелері  
негізінде барынша кәсіби және құзыретті қызметкерлерді ынталандыруға мүмкіндік  
б е р е д і .

Мемлекеттік қызметшілер тәртібінің этикалық нормалары әрбір мемлекеттік орган  
қызметінің ерекшелігін ескеруге және сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасауға  
әкелетін жағдайлардың туындауын алдын алуға мүмкіндік бере отырып, анық және  
нақтыланған б о л а д ы .

Мемлекеттік қызмет құрылымында үш корпус белгіленетін болады:

1) мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысатын және мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын айқындастырын саяси мемлекеттік қызметшілердің корпусы;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін және саяси шешімдерді қабылдау мен олардың тікелей орындалуы арасында байланыстыратын буын болып табылатын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «А» басқару корпусы;

3) мемлекеттік саясатты іске асыратын және орындау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «А» басқару корпусы.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының жаңа тізілімі мен корпустарын, кадрлық резервті қалыптастыру тетіктері мен ротация, оның ішінде саяси мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу тетіктерін қалыптастыру тиісті нормативтік құқықтық актілерде анықталатын б о л а д ы .

Мемлекеттік қызметке орналасудың қолданыстағы конкурстық тәртібі едәуі жаңғыртатын б о л а д ы .

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру үшін қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың бірыңғай сатылас жүйесі құрылатын болады, нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқарудың қазіргі заманға білім технологиялары мен қағидатына негізделетін оқыту бағдарламаларының мазмұнды бөлімі сапалы жаңғыртатын б о л а д ы .

Жаңа моделде түпкілікті нәтижеге бағдарланатын және уәждеу және/немесе бліктілікті арттыруға негіз болатын мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасын бағалау енгізіледі .

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде сондай-ақ аттестаттау тетіктері, уәждеу жүйесі және мемлекеттік қызметшілердің этикалық мінез-құлқы жетілдіріледі, мансаптық жоспарлау жүйесі қалыптастырылатын болады.

Мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай сатылас жүйе құру және жаңа кадрлық

саясатты тиімді жүргізу үшін мемлекеттік органдардың кадрлық қызметтері мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органдарға әдіснамалық бағынатын

**б о л а д ы .**

Тұтастай, жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының мемлекеттік қызметтің көсібілендіру бөлігінде аталған нысаналы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік

**б е р е д і .**

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың негізгі қағидаттary мен тәсілдері және іске асырудың шешуші тетіктері Қазақстан Республикасы Президентінің жеке актісімен, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілермен бекітілетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасында

**а й қ ы н д а л а т ы н**

**б о л а д ы .**

Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің мэртебесі реттеледі, жолдау тәртібі жүйелендіріледі, тізбесі қайта қаралады және нормативтері әзірленетін болады.

## **Мемлекеттік аппараттың тиімді құрылымын қалыптастыру және** **әкімшілік реформаларды басқаруды жақсарту**

Мемлекеттік аппарат қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың нақты өкілеттіктері мен жауапкершілігін белгілеуге ерекше назар аудару

**қ а ж е т .**

Осы жұмыстың негізгі мақсаты экономиканың секторларын дамытудағы мемлекеттің рөлін анықтау және жүргізіліп отырган мемлекеттік саясаттың дәйектілігін қамтамасыз

**е т у**

**б о л ы п**

**т а б ы л а д ы .**

Оқілеттіліктерді бөлу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

**1) функцияларды оңтайландыру, оның ішінде:**

а) мемлекеттік органдар мен ведомствоның бағыныстағы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері арасындағы, орталық мемлекеттік органдардың арасындағы, орталық және жергілікті органдар арасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің қайталанатын

**ф у н к ц и я л а р ы н**

**а л ы п**

**т а с т а у ;**

б) артық функцияларды, мемлекеттік органдар негізсіз орындастырылған функцияларды, ағымдағы экономикалық жағдайларға сәйкес келмейтін функцияларды алып тастау;

в) жеткіліксіз функцияларды, ағымдағы экономикалық жағдайға бағдарланған

**ф у н к ц и я л а р д ы**

**к о с у ;**

г) функцияларды бөлуде ұтымды

**е т у :**

- мемлекеттік қызмет көрсетуді жақсарту және үйлестіруді женілдету үшін ұқсас

**ф у н к ц и я л а р д ы**

**б і р і к т і р у ;**

- функцияларды бөлу кезінде мүдделер қайшылағын болдырмау;  
д) стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мен орталық және мемлекеттік  
органдардың миссияларын іске асыру үшін қажетті мемлекеттік функцияларды  
оңтайтын жинауды жазып қалады .

Эзірлеу ;

2) мемлекеттік органдардың оңтайтын құрылымы мен санын айқындау.

Бұл мәселе шешудің негізгі құралы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар  
мен жоспарларды есепке ала отырып, тұрақты және нақты әдіснамалық негізде  
функционалдық шолулар жүргізу болып табылады, ол жүргізілетін жұмысқа жүйелілік  
береді .

Шолу жүргізу кезінде шешімдер қабылдаудың әкімшілік және басқарушылық  
үдерістері мен рәсімдерін ұйымдастыру егжей-тегжейлі қайта қаралады, мемлекеттік  
органдардың басқару аппараттарының қызметін оңтайландыру және тиімсіз  
іс-әрекеттерді жою мақсатында олардың қызметін реттейтін формальды қағидалар  
жүйесін зерделенетін болады .

Саланы дамыту саясатын тиімді іске асыру, мемлекеттік органға жүктелген  
міндеттер мен функцияларды орындау үшін оңтайтын штаттық бірліктер санын негізді  
айқындау функционалдық шолулар кезінде жүргізіледі және мемлекеттік органдардың  
стратегиялық жоспарларын әзірлеу кезеңінде ғана ескерілетін болады, ол мемлекеттік  
аппарат санының жүйесін ұлғаюын және артық құжат айналымын болдырмауға  
мүмкіндік береді .

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды шешу үшін функционалдық талдау жүргізудің  
әдіснамасы жетілдірілетін болады .

Өкілеттілікті бөлу орталық мемлекеттік органдарда ғана емес, жергілікті атқарушы  
органдарда да жүзеге асырылатын болады .

Бұл ретте, Елді аумақтық-кеністіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды  
схемасын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарды нығайтуды және өнірлердің  
қажеттіліктерін ескере отырып, олардың санын айқындау мәселелері қаралатын болады

Оқілеттіліктердің аражігін ажырату қорытындылары бойынша әрбір нақты  
мемлекеттік органда өкілеттіктің оңтайтын көлемі, аппараттың оңтайтын саны,  
басқарушылық және атқарушылық буындар айқындалады, тиісті әкімшілік шешімдерді  
қабылдаудың рәсімдері оңтайландырылады, орталық және жергілікті басқару  
денгейлеріндегі атқарушы билік органдарының тиімді құрылымы жасалатын болады.

Жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін арттыру, функционалдық және  
құрылымдық оңтайландыру, экономиканың қандай да бір саласын дамытуда  
маңыздылығын белгілеу бойынша баяндалған тәсілдер қызметі егжей-тегжейлі  
талданатын билік органына ведомствоның бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге  
қатысты қолданылуы тиіс .

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау үдерісін үйлестіру және жүргізілетін

саясаттың келісілгендігі тиімді және нәтижелі мемлекеттік аппарат құруда шешуші рөл атқарады.

Әкімшілік реформаны жүргізуді реформалаудың барлық қатысушыларын үйлестіруді, қол жеткізілген нәтижелер мен мемлекеттік қызметті тікелей алушы ретінде халықтың мұдделігіне үнемі мониторинг жүргізуді жүзеге асырмайынша тиімді басқару

М ү м к і н

е м е с .

Үйлестірудің, ақпаратқа қол жетімділіктің және реформалау үдерісінің қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін үйлестіру функциясын реформалау үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдардың өкілеттіктерінің аражігін нақты ажыратып, жеткілікті өкілеттігі бар мемлекеттік органға

б е к і т і п

б е р у

қ а ж е т .

Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жанында реформалаудың әрбір бағыты бойынша бірыңғай саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс тобы құрылатын болады, олар:

- әрбір мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларын нақты қалыптастырады, олардың қайталануы мен әкімшілік реформаланы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдардың уәкілеттілігін барынша тиімді бөлетін болады;

- әкімшілік реформа барысын мониторингтеу және бағалау, өзі қойған мақсатқа қол жеткізу, сондай-ақ елдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға және халықтың қажеттілігіне байланысты әкімшілік реформаның курс бағытын түзету

т е т і г і н

е н г і з е д і .

Әкімшілік реформаларды іске асыруды басқару сапасының жақсаруы көп жағдайда оны іске асыру барысы туралы объективті ақпараттың болуына ғана байланысты емес, сондай-ақ әкімшілік реформаның мақсаттары мен міндеттерін азаматтар мен бизнестің түсінуіне және қолдауына, олардың реформаның нәтижелеріне деген мұдделігіне

б а й л а н ы с т ы

б о л а д ы .

Ол үшін әкімшілік реформаны іске асыру, азаматтардың, бизнестің және үкіметтік емес ұйымдардың реформаның негізгі мақсаттары мен нәтижелеріне жария талқылау жүргізу, әкімшілік реформаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері және барысы туралы қоғамды толық, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында хабардар ету жолымен іске асыру барысында мұдделігін арттыру мәселелері бойынша жүртшылықпен өзара іс-қимылы жасауын қамтамасыз етілуі тиіс.

Тұастай мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саясаты біртұтас, түсінікті, дәйекті, нақты қағидаттар мен өлшемдерге негізделеді және бұлжытпай сақталатын болады, ал мониторинг пен бағалаудың құрылатын жүйесі мемлекетке және азаматтарға мемлекеттік басқарудың жүргізіліп отырған реформаларының барысы мен нәтижелер туралы толық бейнесін сипаттайды.

### **3. Тұжырымдаманы іске асыру болжанатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Осы Тұжырымдаманың іске асыру мынадай заңнамалық актілерге:  
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне;  
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне;  
«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27

қарашадағы

Заңына;

1999 «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының  
жылғы 23 шілдедегі Заңына;

1999 «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының  
жылғы 13 ақпандасы Заңына;

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»  
Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 377-IV Заңына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізууді көздейді.